

БЕСТАМАҚТЫҢ ЕСЕЛІ ҚУАНЫШЫ ЕҢСЕЛІ ЕЛДІҢ КУӘСІ

ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ОҢДАСЫН ОРАЗАЛИН ЖҰМЫС САПАРЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНА КЕЛІП, АУДАНДАҒЫ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ, АСЫЛТҰҚЫМДЫ МАЛДАРДЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ КӨРМЕСІМЕН ТАНЫСТЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР, БИЫЛ ҒАНА БІЛІМ КҮНІН БҮКІЛ АУЫЛДЫ ҚУАНЫШҚА БӨЛЕГЕН ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ҒИМАРАТЫНА БАС СҰҒЫП, САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ БЕСТАМАҚ АУЫЛЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ӘЙТКЕНІ, СОЛ КҮНІ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ЕҢ ШАЛҒАЙ АУЫЛЫ БЕСТАМАҚТЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ҮЛКЕН ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ. АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН КЕЙІН АЛҒАШҚЫ БОЛЫП БЕСТАМАҚ АУЫЛЫНА ГАЗ ҚҰБЫРЫ ТАРТЫЛЫП, КӨГІЛДІР ОТЫН ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ҰСЫНЫЛДЫ.

«Біткен істің басына» келген өңір басшысы Оңдасын Сейілұлы, «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлердің инфрақұрылымын дамыту тапсырмасының облыста орындалып жатқанының куәсі. Елбасының сындарлы саясатының жемісі. Яғни, өркениеттің иісігі шалғай ауылдарға да жетті», - деп,



шақырды. Мерекелік құттықтаулардан соң, еңбек ардагері Нұрберген Бержекенов пен көп балалы ана Майра Төребекова ауыл шетіндегі көгілдір отын құбырын ресми түрде іске қосты.

Сонымен қатар, ойылдықтар биыл өркениеттің тағы бір игілігіне қол жеткізгілі отыр. Ол - аудан орта-

сәулеті мен салтанаты жарасқан «су жаңа» мектепке Оңдасын Сейілұлы толық жабдығымен компьютер сыйлады. Мектептің ауласына шырша ағашын отырғызды.

Облыс әкімі Саралжын ауылдық округіне қарасты Қоңырат елді мекеніндегі «Тәжібай-Агро» ЖШС жұмысымен де танысты. Асылтұқымды мүйізді ірі қара шаруа-

ғалиұлы өзінің баяндамасында ауданда 9976 жылқы, 36803 мүйізді ірі қара, 169316 қой-ешкі, 79 түйе барын айтып, жалпы саны 46 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 328 шаруа қожалығының жұмыс істейтінін айтты. Сондай-ақ, «Еңбек», «Сыбаға», т.б. бағдарламаларының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берді. Жалпы, биыл ауыл шаруашылық саласына тартылатын инвестиция көлемі 200 миллион теңгеден асады деп күтілуде.

Кездесу соңында Оңдасын Сейілұлы мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көру, барлық жаңашылдықтарды оңтайлы пайдалану арқылы шаруалардың табысқа жететінін тілге тиек етіп, оларға бұны өз деңгейінде түсіндіру сапа мамандарының міндеті екенін жеткізді.

— Елбасының аграрлық секторды экономиканың драйвері ету туралы тапсырма бергені белгілі. Аталған тапсырманы орындау үшін Үкімет тарапынан да зор мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатыр. Мәселен, облыстың мал шаруашылығы саласына осы жылы 5,7 миллиард теңгеге бөлініп, бүгінгі таңда оның 4 миллиард теңгесі игерілді. Ал субсидия 391 шаруашылыққа берілді. Шаруашылықтар тарапынан өтінімнің көптеп түсуіне байланысты біз өз тарапымыздан Ауыл шаруашылығы министрлігіне 5,9 миллиард теңгеге қосымша қаржыға бюджеттік өтінім бердік. Жалпы, осындай қолдау арқасында облыста мал шаруашылығында өндірілетін өнім, мал басы жыл санап өсіп келеді, — деген облыс әкімі жерді тиімді пайдаланып, мал азығын дайындау жұмыстарына айрықша көңіл бөлуді тапсырды.

Рас, аудандағы шаруашылықтардың иелігіндегі мүйізді ірі қараның тауарлы түрлерінің, яғни асыл тұқымды малдардың үлес салмағы аз. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Құсайын Сәрсенбай айта келе, шаруашылықтарды малдың тұқымына мән беруге шақырды. Ал, мемлекеттік бағдарламаларды орындауда ойылдық шаруалардың өзіндік

шылығымен айналысатын серіктестіктің басшысы Абыл Сатаевтың айтуынша, иелікте 71 бас ангус тұқымының сиыры бар. Ал жұмысшылардың саны - 9. Сондай-ақ, шаруашылық аумағында аудандағы асылтұқымды малдардың көшпелі көрмесі өтіп, бұл іске ден қойған шаруалар мал басы, тыныс-тіршілігі туралы өңімеледі. Оларды толған-дыратын басты мәселе — мал терісін өткізетін, оны соятын орынның болмауы. Іле-шала облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Құсайын Сәрсенбайға осы

лығына жүргізіліп жатқан оптикалық талшықты байланыс жүйесі. Мектеп ауласында «Қазақтелеком» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының жергілікті байланыс техникалық торабының директоры Ғалымжан Сүйімбаев құрылыс барысы мен қамтылу аймағы туралы түсіндірді. Ал, байланыс саласының мамандарына ауданды ғаламтор желілеріне қосу жайын пысықтады. «Заман иіліктерін тек әлеуметтік нысандарға қондырып қоймай, ауыл тұрғындарына да ұсыну қажет. Бұл — басты талап. Сосын мейлінше

тұрғындарды құттықтады. — Бүгін Бестамақ ауылының тұрғындары үшін маңызды күн. Көгілдір отынымыз ауыл халқын қуанышқа бөлеп, әрбір тұрғынның үйлерін жылытуға мүмкіндік туып отыр. Елбасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес, облысымыздың барлық елді мекендерін газбен қамту қолға алынып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Соның айғағы, міне, бүгінгі өздеріміз күн болып отырған игілікті іс.

Бүгінгі таңда Ойыл ауданы тұрғындар санының 38,3 пайызы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Іске қосылғалы тұрған газ тарту құбыры желісін тарту жұмыстары 2017 жылы басталған болатын. Бұған бюджет есебінен жалпы құны 1 миллиард 47 миллионнан астам теңге бөлінді. Аталған газ желісін тарту арқылы 40-қа жуық тұрғын үй мен мектеп, медпункт, ауылдық клуб секілді әлеуметтік нысандарды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Жуық арада әрбір үйге енетін көгілдір отынның жылуы тұрғындардың өмір сапасын жақсарту түсетіндігі анық. Газдың тартылуы ауылдың тұрмыс-тіршілігіне жаңа бір леп беріп, шағын және орта бизнестің, әлеуметтік нысандардың көптеп ашылуына өз септігін тигізетіні де анық.

Көгілдір отынның жылуы ер шаңыраққа құт-береке, мол ырыс пен ынтымақ әкелсін! Бүгінгі шара алдағы табысты, жемісті күндердің бастамасы болады деген сенімдемін, — деп осынау қуанышпен құттықтаған облыс әкімі артынаша жұртшылықпен бірге қариялардың лебізін тыңдады. Алғашқы болып үйіне көгілдір отын құбырын жүргізген ауыл тұрғыны Балтабай Бисенов облыс басшысына жерлестерінің жытқық лебізін үлкен толқыныспен жеткізді. Бұл тұрғындардың осында көптеп шоғырлануына, қол бойындағы шағын шаруасын өркендетуге, жалпы жақсылыққа бастайтын игілікті іс екенін айта келе, ол облыс басшысын шаңырағынан дәм татуға



сапасы жоғары желілерді пайдалануымызға, — деді Оңдасын Оразалин.

Өңір басшысы осы оқу жылында ашылған Тайсойған негізгі мектебіне материалдық-техникалық базасымен танысу барысында ғаламторды мейлінше жоғары жылдамдықта беру керектігін ескертіп, ұл-қыздардың алаңсыз білім алуы — басты мақсат екенін атап өтті.

Ал, ауылдың білім ордасы ғана емес, ажарлы мекеніне айналған

түйкіл бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Ауыл шаруашылығы жайы, бұл саладағы түрлі сұрақтар көшпелі отырыс барысында қаралды. Оған басқарма басшылары, қаржы және ауыл шаруашылығы қорларының әкімдері, кәсіпкерлер қатысты. Кездесу барысында аудан әкімі Асқар Қазыбаев өңірдің өндірісінің өзегін құрап отырған мал шаруашылығы саласындағы міндеттер мен межелер туралы баяндады. Асқар Қайыр-

үлестері бар. Алды 60-70 млн. теңгеден несие алып, өрісін кеңейтіп, даланың төтсін емуге» ұмтылып отырғандар көп.

«Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» Ақтөбе облыстық филиалының жетекшісі Гүлжанат Ергазина шаруашылық басшыларына қаржы институттарының ұсынып отырған жаңа мүмкіндіктері туралы түсіндірді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл ауданы.

«АҚТӨБЕ - АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫМЫЗҒА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ҒАЛЫМБЕК ДОСАНОВ ПЕН «АҚТӨБЕ - АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» ЖОБАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ БАСШЫСЫ ЖАНБОЛАТ ТҮРТАЕВ АРНАЙЫ КЕЛІП, АУДАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ.



Алдымен Ойыл селолық әкімдігі ғимаратын аралап, бөлім басшыларына бірнеше сауалдарын қойып, сыбайлас жемқорлықты болдырмау жөнінде еңгіме өрбітті. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас

«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында мекеме басшыларымен кездесіп, Ғалымбек Досанов қазіргі қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзімсіз иммунитет қалыптастыру керектігін баса айтап, сыбайлас



жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Ғалымбек Нұрмаханұлы мен аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сәрсенбай Аманғосов селолық әкімдігінің арнайы жасақталған «Ашық әкімдік» белмесінің лентасын қиды. Сонымен бірге

жемқорлықты қоғам болып күресуге үндесе, «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңесінің басшысы Жанболат Бақұлы азаматтарды жобасының жұмысына жұмыла атсалысуға шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ» АЛҒАН ӘСЕРІМІЗ КӨП

ӘЙЕЛДЕР ЖАЙЛЫ АЙТЫЛАТЫН ӨНГІМЕ ДЕ, ҚОЗҒАЛАТЫН ТАҚЫРЫП ТА КӨП. ҚАНШАМА АҚЫН, ЖАЗУШЫЛАРЫМЫЗ ӘЙЕЛ ЗАТЫНА ӨН АРНАП, ЖЫР ТӨГІП ҒАНА ҚОЙМАЙ ҚАЗАҚ ӨДЕБИЕТІНЕ САРҚЫЛМАС МҰРАСЫН ҚАЛДЫРЫП КЕЛЕДІ. МІНЕКЕЙ! БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ, БІР ҚОЛЫМЕН ӘЛЕМДІ ТЕРБЕТКЕН» АНАЛАРЫМЫЗҒА ҚАНДАЙ ӨН АРНАСАҚ ТА АРТЫҚ БОЛМАСЫ АНЫҚ. ДАНА ХАЛҚЫМЫЗ «ЕРДІҢ АСЫЛЫ КҮШІМЕН БІЛІНЕДІ, ӘЙЕЛДІҢ АСЫЛЫ ІСІМЕН БІЛІНЕДІ», - ДЕП БЕКЕРГЕ АЙТПАҒАН. РАСЫМЕН ДЕ ҚАЗІРГІДЕЙ ЗАМАНДА КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСЫП, ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА СҮБЕЛІ ҮЛЕСІН ҚОСЫП ЖҮРГЕН ІСКЕР ӘЙЕЛДЕРІМІЗ ЖЕТЕРЛІК.

Осы орайда жуырда Ақтөбе облысы орталығында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссиясының қолдауымен Ақтөбе облысының әкімдігі, Ақтөбе облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, Ақтөбе облысы іскер әйелдер кеңесі, «Жасыл экономиканы қолдау» және «G-Global-ды дамыту Коалициясы», Занды тұлғалар бірлестігі, «Coca-Cola» Халықаралық қоры, «Қазақстан әйелдерінің аграрлы одағы» ұйымдастыруымен «Ақтөбе облысының әйелдері» форумы өтті. Аталған форумға біздің ауданнан да бірнеше аналарымыз арнайы қатысып келді.

Солардың бірі аудандық аурухананың дәрігері Амина Ибрашова. Өмірінің 40 жылдай уақытын медицина саласына арнаған білікті дәрігер облыс әкімінің алғыс хатын алды. Біз Амина дәрігермен арнайы тілдесу барысында «Ауыл әйелдерінің форумында» болған жайтты жан-жақты баяндап берген еді. Ендеше ауыл әйелдері атынан Амина Ибрашованың сөзіне кезек берсек...

«Форум «Ақтөбе облысының ауылдық аумақтарын дамытудағы әйелдердің үлесі» атты «Nur-Otal» партиясы Ақтөбе облыстық филиалы ғимаратындағы үлкен отырыспен басталды. Онда «Қоғамдық қолдау – жаңа бастамаларға ынтылаңдыру», «ауылдағы өмір сапасын арттыру», «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры арқылы қаржыландырылатын ауыл шаруашылығы жобаларындағы: ауыл әйелдері кәсіпкерлігін дамыту жұмыстары», көп балалы аналар үшін «Әйелдерді әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту мәселелері» тақырыптары төңірегінде баяндамалар оқылып, ауқымды ақпараттар берілді. Сонымен бірге аталған шара түстен кейін кәсіпкерлік саласында жоғары жетістіктерге жетіп отырған кәсіпкер аналармен тәжірибе алмасу мақсатында «Менің жетістіктерімнің тарихы» тақырыбында «Ынтылаңдыру және кәсіпкерлік негізі», «Отбасылық медиааның негізі дағдылары» атты семинар тренингтер мен «Бақытты отбасының құпиясы. Заманауи әйелдің отбасындағы ролі» атты шеберлік сағаттармен жалғасты. Осылайша ауыл-аймақ, облыстың түкпір-түкпіріндегі шалғай ауылдардағы аналардың басын қосқан форум барша анаға кәсібін ашып, отбасының құндылықтарын сақтай отырып, ел экономикасын арттыруына өзіндік үлестерін қосуға мол кеңес берді. Мен де бұл форумнан үлкен есер алып қайттым. Әсіресе аталған форум ауыл әйелдері үшін отбасы, ошақ қасында отырып қалмауларына серпін берді. Қол қусырып құр отырмай, қосымша табыс табуға жол ашты.

Сөз соңына ауданға аты таныс, медицина саласына орасан еңбегі зор дәрігер «Біз де ең қуанарлық жайт: Елімізде әйел затына, анаға деген қолдау жоғары. Сондықтан анаға шексіз құрмет көрсету ешқашан тоқтамайды» - деп сенім білдірді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



ҚАЗАҚТЫҢ ЕР-ТҰРМАН ӘБЗЕЛДЕРІ

АДАМНЫҢ ЕЛ ІШІНДЕГІ ДӘРЕЖЕСІН, ЖАҒДАЙЫН ЕР-ТҰРМАН АЙТЫП БЕРЕ АЛАДЫ. ҚАЗАҚ ҰҒЫМЫНДА ЕР-ТҰРМАН СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ КЕҢ МАЗМҰНЫДЫ ҚАМТИДЫ. ОҒАН АТ МИНУГЕ ҚАЖЕТТІ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ, АЙТАЛЫҚ, ЕР-ТОҚЫМ, КЕЖІМ, ЖҮГЕН, НОҚТА, АЙЫЛ-ТҰРМАН, КҮЙЫСҚАН, ӨМІЛДІРІК, Т.Б. БӘРІ ҚАМТЫЛЫП ЖАТАДЫ.

Ер-тоқым. Ер атқа ерттелетін ердің соқа басына қаратылған. Оның астына көпiлдік ретiнде қажеттi iштiк, iшпек, тоқым өз алдына бөлек-бөлек дайындалады. Iштiк көбiнде жұмсақ илengен қарақұйрықтың лағының терісінен немесе қойдың көктемгi жабағы жүнінен кiзiденалады. Ал iшпектер жұмсақ киізден дайындалады. Оның екi жақ шетiн бал-барқыт немесе шi барқытпен көмкерiп өңдеп, өсемдейдi. Ер-тоқымдi жасау – тек халық iшiнен шыққан шеберлердiң қолынан келетiн iс. Iскерлiк өнерге қарай шеберлердiң бiреулерi – ердiң соқа басын жасайтын болса, екiншiлерi – ағаштан ер қосып, былғарыдан, киізден тоқым тiгiп, қолдан үзеңгi құйып, темiрге көмiс, алтын жалатып және сүйекпен нақыштап, асыл тастан кездер орнатып, ер-тоқымды түгелдей жасаған. Ер-тоқым жасау мен оны күңделiктi өмiрде пайдалану қазақ халқының әлеуметтiк, қарым-қатынас жағдайымен тығыз байланысты.

Айыл – атқа ердi бекiтуге керектi жабдық. Айыл қайыстан, былғарыдан екi қабатталып жасалады. Ұзындығы – 150-160 см, енi – 8 см. Айылдың бiр ұшына металл тоға тiгiледi. Айылдар төс айыл («тартпа айыл» деп те аталады) және шап айыл болып негiзгi екi түрге бөлiнедi. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау болады. Шап айыл жалаң ердiң үстiнен, ал төс айыл аткөрпенiң үстiнен тартылады.

Атдорба – матадан, кенептен, киiзден тiгiлген, қай өрмектеп тоқылып, атқа жем беру үшiн пайдаланылатын өзбел. Дорба аттың басына бау арқылы iлiнедi. Бау айылдар арқылы ұзармалы-қысқармалы етiлiп жасалады.

Аттарақ. Ол темiр сыннан (кейде ағаштан жасалады. Аттың құйрығын, түгiн тарайды. Тақтайшаға арасын жиi етiп тiс жасайды. Сонымен бiрге былғарыдан бау тағады. Соңғы кезде аттарақ пластмассадан (сулпудан) iстелетiн болды.

Ауыздық – аттың басын қалаған жаққа бұруға, тежеуге арналған шығыршық темiр. Жүгеннiң ең басты бөлiгi, жұмыр темiрден отқа қақтап дайындалады. Екi жақтау бөлiктерi ауыздықты бiр-бiрiмен кiшкентай шығыршық арқылы жалғастырады. Ал қалған екi шетiн жақтауды тесiп, сол тесiктен дөңгелек сулық, шығыршықтарын өткiзедi. Жүген тiзiннiң ұштарын осы шығыршыққа жалғастырып тiгедi. Ауыздық аттың өзiн жыртып кетпеуi үшiн оның сулыққа таяған жерi жуантық болуы тиiс.

Ашамай. Қазақ шеберлерi ұлға немесе қызға арнап, «ашамай ер» жасаған. Ұл баланы үш-төрт жастан бастап атқа мiнуге үйретiлдiң айырықша маңызы болған. Ашамай ер аса күрделi болмаған. Ердiң алдыңғы қасы мен артқы қасы екi айыр, биiк етiп жасалып, екi ұшында тесiгi болған. Баланы ерге отырғызғанда сол тесiктен таяқша өткiзiп, ат үстiндегi баланы мықтап ұстатады. Аяғын үзеңгi қапқа кигiзедi. Ашамайдың үзеңгi қабын «тепкiшке» деп атаған.

Белдік – қайыстан, былғарыдан қайып тiгiлетiн бау. Атты арбаға, шанаға жеккенде, ершiктi бекiтiп ұстатыпн тартпа бау.

Бүеалық – арқаннан жасалған арнайы құрал. Оны жылқыны, түйенi, т.б. ұстау үшiн қыл, кендiр, қайыс арқаннан ұзындығын 12-15 құлаш етiп жасайды. Бұғалықтың бiр ұшына күрмен кiшкентай тұзақ жасайды. Екiншi ұшын сол тұзақтан өткiзедi де, одан жылжымалы үлкен тұзақ жасайды, оны көбiнесе құрыққа байлап қолданады.

Делбе – арбаға, не шанаға жегiлетiн көлiктi бұрып отыруға арналған өзбел. Оны қайыстан немесе есiлген қылдан жасайды. Делбенiң ат сулығына байланар екi ұшында ағаш тиегi, кейде темiрден жасалған бекiтпесi болады. Ұзындығы – шамамен, 7-10 метр.

Доға – жылқыны арбаға, не шанаға жеккенде қамытты дөртеге жалғастыратын өзбел. Доғаны қайың, тал, үйеңкi емен сияқты мықты ағаштардан иiп жасайды. Ол үшiн жұмыр ағаштың иiлуге тiстi жерiн шауып, жұқартып алып, морға салып жұмсартады да, тез арқылы екi жақ басын иiп қалпықа салып кетпiредi. Доға кеуiп, қалпына түскеннен кейiн иiлген жерiнен шығыршық орнатады. Доғаны дөртемен жалғастатын төменгi екi ұшының сыртқы бетiн, орыңқты болуы үшiн, шауып ойық жасайды.

Ер және ер қосу – салт мiнiске арналған ер өзбелi. Өте сапалы, мықты ағаштан шабылады. Ер жасауға қайың, мойыл, үйеңкi ағаштары пайдаланылады. Ердiң жасалуына қарай бiрнеше түрi болады. «Қазақ ер», «күмiс ер», «құранды ер», «ашамай ер», т.б. Қазақ ерi бес

бөлшектен тұрады: алдыңғы, артқы қас; екi қаптал және екi қастың ортасындағы белдiк ағаш. Ердiң алдыңғы қасы артқы қастан биiк болады. Бет жағы ою-өрнектермен бедерленедi. Артқы қастың үстi жалпақтау, алқымы таяз болады. Ердiң екi қапталының басы – биiктеу, ортасы — жатыңқы, аттың арқасына батпайтындай болуы тиiс. Осы бес бөлшегi өзiрленген соң, алдыңғы қасқа екi қапталды желiммен қондырады. Осыдан кейiн артқы қасты бiрiктiрiп, бел-ағашты екi қастың аралығына салып, ағаш шегемен бекiтедi. Екi қаптал ағаштарының ердiң алдыңғы қасына жақын – орта шенiнен таралғы өткiзетiн тесiк қашайды. Қапталдың алдыңғы екi басынан өмiлдiрiк өткiзетiн бүлдiрге, артқы екi басынан құйысқанды жалғайтын және қанжығаға керектi тесiктер дайындайды. Осы тесiктер арқылы күмiстелген темiр шығыршықтармен өдемi айыл-бастар орнатады. Ердiң бөлшектерiн желiмдеп болған соң былғарымен қаптап, шеттерiн күмiс жалатқан шегелермен бастырып қағады. Күмiс ердiң алдыңғы, артқы қасы түгелдей күмiспен қапталып, шегелермен кейде асыл тастармен өшекейленедi. Ал тартпа, таралғы, өмiлдiрiк, құйысқан түгелдей күмiспен сөнделедi. Жасалу жағынан өте күрделi, берiк және жайлы да өдемiсi – құранды ер. Мұндай ер 18, кейде одан да көп ағаш бөлшектерiнен құралады. Ердiң желiмi өбден кепкен соң түйенiң көнiммен көктеп, ердiң кiсi отыратын жерiн түгелдей қалың былғарымен қаптап тiгiп, үстiн күмiс өрнектермен, асыл тастармен сөндейдi.

Ершiк – жегу өзбелдерiнiң бiрi. Ол арба, шанаға жегiлетiн көлiктiң арқасына салынатын көдүiлгi ерден кiшiрек, бiрақ ер терiздi етiп жасалады. Қамыт көлiктiң (аттың) омырауын қағып, нығын баспау үшiн де керек. Оның қос қапталының астына киiз жаспырылады да, сосын тоқым үстiне салынады. Одан кейiн оның үстiндегi тесiгiнен өткiзiлген қайыс айылмен қос дөрте тiстi дөрежеде көтерiлiп байланады. Кейде ершiктiң орнына ер немесе ашамай да қолданылады.

Жабу – малды ыстық-суықтан, шыбын-шiркейден, маса-сонадан қорғау, не түйеге артқан жүктi жауын-шашынға тiгiзбеу, кейде сөңдiк үшiн түйе мен бөйге аттарына жабылатын жамылғы. Оны қазақ қыстың қатты болған жылдары арық-тұрық малды суықтан қорғап қалу үшiн де пайдаланған. Жабудың қыстық және жаздық түрлерi болады. Қыстық жабуды – киiзден, ал жаздық жабуды – терме алашадан, кейде сөңдiк үшiн матадан да тiгедi. «Жабу астында жан қалады», «жабу астында жал қалады» деген сөздер жабудың малды жудетпеуге пайдалы екендiгiн бiлдiредi.

Желдік – тоқым мен ер қапталының арасына салынатын, былғарымен қапталған екi бөлек киiз. Олар төмен сырғып түспеуi үшiн екi жерiнен тесiп, қайыс тағып байлайды. Ол аттың арқасына ердiң оқпаны тiпiп, батпауы үшiн салынады.


Жүген және оның түрлері – жылқыны жөнге бұру, байлау үшін қолданылатын өзбел. Қазақ шебері көңіл бөлген. Оны былғары мен қайыстан, т.б. жасаған. Ол үшін қайысты тігіп, өріп, түйіп өшекейлеген. Жүгеннің қайыс, түйме, шытыралы, былғары, өрме жүген деген бірнеше түрі бар. Былғары жүгенді астына қайыс салып тігеді. Жүген кенсірік, жақ, милық, желкелік, кекілдік, сағалдырық, ауыздық, сулық, тізгін, шылбыр сияқты бөлшектерден құралады.

Тізгіннің – қайыстан, ал шылбырдың қылдан өрілгені әбзал. Жүген аттың басынан сыпырылып кетпеуі үшін сағалдырықты аттың жағының астынан доға арқылы бекітеді. Былғары жүген күмістелген бүркеншіктермен өшекейленеді. Кенсірік пен кекілдік арасын өрмемен жалғастырып, айқасқан жеріне асыл тас орнатады.

Көлпшiк – ердiң үстiне салынатын төсенiш. Оны көбiнесе, тысымен немесе тыссыз жасайды. Көлшiктi өдетте киiзден, жүн тартқан матадан, жүнiн арасына келтiрiп, бет-тестiрген қой терiсiнен, ақ терiлерiнен, сондай-ақ iшiне жылқының қылын салып, былғары, жарғақ жастықшалардан жасайды.

Кiсен (темір мұсау) – жылқыны матау өзбелi. Шеберлер кiсендi аттың аяғына темiрден келiстiрiп иiп, аяққа тиетiн жерiне киiз салып, сыртын былғарымен қаптап, тiгiп жасайды. Кiсеннiң аттың аяғына салатын жерiнiң темiрi екi бөлшектен құралады, ашылу, жабылу жағдайы тоға арқылы орындалады. Аттың оң аяғына салынатын кiсен бөлшегiнiң бiреунде кiшкентай шығыр болады. Сол шығырдан кiсеннiң шыңжырын өткiзгенде бөлшек жабылады. Ал екiншi аяғына салатын кiсен бөлшектерiнiң екi ұшында да айқастырып жабылатын құлпы болады. Кiсен тек клiптен ашылып жабылады.

Қамшы ер-тұрман өзбелдерiнiң құрамына кiредi. Оны кейде «ат жүргiзiлiш» деп те атайды. Өйткенi қамшыны, негiзiнен, «көлiктi» жүргiзу



үшiн қолданады. Ал керек болған жағдайда оны қару ретiнде де пайдаланады. «Қамшыдан үлкен қару жоқ, қолында жүрiп бiлiнбес» деген сөз соны меңзесе керек. Ондай қамшының сабы салмақты, өрiмi жуан және ұзын болып келедi. Қамшының өрiмiне қарай өлде неше түрi болады. Қамшы бүлдiрге, сап, алақан және өрiмнен тұрады. Оның ерқайсысы ер заттан жеке-жеке даярланып бiрiктiрiледi. Қамшының сабы тобылғыдан, ырғайдан, тауешкi және әбкөкеннiң мүйiзiнен немесе елiктiң сирағынан жасалады. Қолға ұстайтын жерiн былғарымен қаптап, бүлдiрге тағады. Кейде қамшының сабын тұтастай былғарымен қаптап, күмiспен өшекейлейдi. Күмiс сапты қамшы көбiнесе өйелдерге арналады. Ал ерлер қамшының сабына темiрден бауыр салып, қайыстан немесе жезден орап сақиналайды. Мұндай қамшыны «сарыала қамшы» деп атайды. Қамшының өрiмi жақсы илengен қайыстан өрiледi. Қамшы өрiмiн түрiпiп етiп жасау үшiн таспа санын өзгертiп отырады.

Қамыт. Көлiктi арбаға, шанаға жегу үшiн пайдаланылады. Оның ат қамыт, түйе қамыт, өгiз қамыт сияқты арналған төлiне қарай нешеме түрлерi бар. Қамыттың имек ағаштан жасалған қос құлағы болады. Олардың жоғарғы ұштарын қайыспен бiрiктiрiп байлайды. Мұны «желкебау» деп атайды. Құлақ ағаштарының астына «шұжық» орналыады. Қамыттың құлақтарына iлмектелген жалпақ қайыс өткiзiледi. Оны «құлақбау» дейдi.

Құлақбау дөрте мен доғаның бастарын бiр-бiрiне қосады. Ал қамыттың төменгi бастарын қосатын жiңiшке қайыс «тамақбау» деп аталады.

Оны қатты тартып байлағанда доға бастары дөртеге мықты болып бекидi. Қамыттың сыртын – былғарымен, ал iшкi жағын – қалың қайыс қаптайды.

Қанжыға – салт атқа бөктерген затты байлайтын жiңiшке қайыс таспа. Ердiң қапталының артқы алаңындағы тесiкке өткiзiлiп бекiтiледi. Ұзындығы – 25-30 см. Қанжығаға бұғалық, арқан, шiдер, тұсау, торсық, қоржын, атып алған аң, құс, т.б. осында байланады. «Қанжығаң майлы болсын» деген сөз осыған қаратылып айтылған.

Құйысқан – ер аттың мойнына кетпеуi үшiн пайдаланылатын өзбел. Астарлап қайып жасалатын өзбел. Кейде ердiң артқы қапталына байланатын екi ұшын өрген өрмелi, түймелi құйысқандар да кездеседi. Құйысқанды күмiспен өрнектеп өсемдейдi. Былғарыдан шашақ жасап, қымбат тастар қадайды. Құйысқанның ортасына былғары қайыстан дөңгелек тiгiледi. Осы дөңгелектiң алдыңғы шетi ердiң артқы қапталындағы шығыршыққа байланады. Ал аттың құйрығының астына келетiн артқы бөлiгi ұзын тұтас қайыстан жасалып, ортасынан екiге иiлiп, осы илген жерiн таспалап тiпедi.

Мұрындық – түйенiң, өтiздiң екi танауы арасындағы мұрын шемiршегiн тесiп, көлденен өткiзiп қоятын жiңiшке таяқша. Оны қатты ағаштан көбiнесе тобылғыдан жасайды. Ағаштың орнына қайыс немесе жiп өткiзiп қоятындар да бар. Мұрындыққа бұйда байлап, сол арқылы оңға, солға бұрады немесе жетектейдi. Өмiлдiрiк – ердiң артқа кетпеуiн қамтамасыз ететiн өзбел. Сонымен бiрге сөңдiк үшiн де тағылатындықтан, оны қалың былғарыдан жасап, өшекейлейдi.

Өмiлдiрiк былғарыдан, қайыстан астарланып қайып тiгiлiп, өрiп жасалады. Өмiлдiрiктiң аттың кеудесiнiң алдына келетiн ортасына былғарыдан, қайыспен астарлап, дөңгелек жасалып, шашақталған баулар салынып, күмiстелген бұршiктер, нақышталған өрнектермен өшекейленiп, дөңгелек ортасына ақ тастар орнатады.

Өре – аттың алдыңғы және артқы аяғына салатын тұсау. Өренi қылдан, қайыстан өрiп, түйiп жасайды. Аттың аяғына тиетiн жерiне киiзден астар салады. Атты өрелегенде өренiң бiр ұшын аттың – оң аяғына, ал екiншi ұшын айқастырып аттың артқы сол аяғына салады. Өрелер шадыр өре, тiк өре болып негiзгi екi түрге бөлiнедi. Өрелi ат тұсамыс салған атқа қарағанда еркiнiрек өрекет жасайды.

Тааға. Жылқының тасырқамауы немесе мұздан таймауы үшiн тұя-

ғына қағылады. Тағаны сом темiрден иiп, қаптап шеге өтетiн тесiк пен сай салып жасайды. Бедерлi өкшелiк шығарады. Тағаны аттың тұрасына тiгiзбей, тұяғына ғана кiрiп тұратындай етiп арнайы шегемен қағады.

Төбінгі – ер-тұрманның құрамына жататын өзбелдердің бірі. Төбінгі, бір жағынан, өсемдік үшін тағылса, екіншіден тоқым қысқа болған жағдайда, аяқкиімді аттың терінен қорғайды («...төбінгі терге шірімей» деген тіркестің орайы келіп-ақ, тұрғаны). Ал тоқым ұзын болған жағдайда оны тозып кетуден сақтайды. Қазіргі кезде төбінгіні жеке жасамайды. Киіз тоқымдарға жапсырылып, тігіледі. Халық арасында мұндай төбінгіні «тоқымның төбінгісі» деп те атайды. Ол адамның жіпіншік, тобығының тұсына келеді.

Тепкішек. Жас баланы атқа мінгізгенде қолданылатын ер-тоқым өзбелдерінің бір түрі. Қазақ халқында 5-6 жастағы баланы алғаш атқа мінгізгенде аяғы үзеңгіге жетпейтін болғандықтан, оған арнайы тігіліп, ою-өрнекпен өсемделген төбінгі – тепкішек дайындалады. Тепкішекті түрлі-түсті жүн жіппен термелеп тоқылған өрнекті басқұрдан немесе шуадан, т.б. қалып матадан астарлап қоржын сияқты етіп тігеді де, бетін кестелейді. Оны ердің үстіне салып пыстанмен бекітеді. Бала тепкішектің екі басына екі аяғын салып отырады.

Терлік тоқымның астына салу үшін қойдың жабағы жүнінен жасалады. Шеттерін былғары, болмаса матамен көмкереді. Терлік өз атына сай тер сіңіру үшін және аттың арқасына ердің қапталы батпау үшін қажет. Терлікті кей жерде «ішкілік» деп те атайды.

Тоқым – ердің аттың арқасына батпауы үшін салынатын төсеніштің бір түрі. Ол көбіне киізден сырылып жасалады. Кейде киіз тоқымның жиегін шұға немесе барқыт сияқты маталардың бірімен көмкеріп, сыртын түгелдей қалың былғарымен қаптайды. Сырма тоқым мен көмкерме тоқымды көбінесе өйелдер жасайды да, ал былғары тоқымды шебер еркектер жасайды. Тоқымның көлемі де, пішілу үлгісі де өртүрлі болады. Өйелдерге арналған тоқымдар – үлкен, өшекей көп, ал еркектердің тоқымдары ыңғайлы, шағын болады.

Тұсамыс – жылқы ұзап жайылып кетпеуі үшін пайдаланылатын өзбел. Аттың алдыңғы екі аяғына салынады. Оны жіп, қайыс немесе былғарыдан жасайды да, тұсамыстың тиек орнатылған алақаны және балақбауы болады. Атты тұсағанда балақбаудың ат шашасы жағында болуы шарт. Тұсамыс болмаған жағдайда жылқыны жіппен де тұсай береді. Үзеңгі – атқа міну үшін қажет «баспалдақ». Зергерлер оны қолдан құятын болған. Темірден қақтап та жасаған. Үзеңгінің екі қабырғасының жоғарғы жағында таралғы өткізетін тесік болады. Оған үзеңгібау тағылып, ердің қапталындағы тесіктен өткізеді. Ал аяқкиімнің табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді. Бұрын ершілер үзеңгіні кеппеген қайыштан иіп немесе ойып та жасаған. Мұндай үзеңгілер атқа жеңіл болады және ол қыста аяқты қарымайды

Шідер – жылқыны матау өзбелдерінің бірі. Оны қайыстан, кейде шынжырдан жасайды. Шідер үш балақ (тұсамыс және өре) болып келеді. Ол жылқының алдыңғы екі аяғы мен артқы бір тілерсегіне салынады. Өр балақта бір-бірден алақан, тиек және балақбаулар болады. Қыл шідердің тұсауын, өресін және балақбауларын жылқы қылынан жеке-жеке дайындап алып құрастырады. Ал қайыс шідерді сыр терісінен иленген қалың қайыстан екі қабаттап жасайды. Қос қабатталған қайыс таспамен тігіледі. Мұндай шідердің тұсауы мен өрелігі шығыршық арқылы жалғасады. Өрме шідердің үш балағы бөлек өріліп, біріктіріледі. Оның балақбаулары қос қабат жіңішке қайыстардан, таспа-лардан жұмырланып өріледі.

Шілуа – қамытты аяқты мойынан кетірімеу үшін қолданылатын өзбел. Шілуаны қайыстан тігіп, түйіп, өріп істейді. Шеберлер күміспен, жезбен қадақтап өсемдейді, өр жеріне қайыстан шашақ тағады.

Көтерме – атты арбаға, шанаға жеккенде ағаш жетегін көтеретін бау. Бұл бау ершіктің үстіне салынады.

КҮЗГІ ЖӘРМЕҢКЕНІҢ СЫЙЫ КӨП

Қүз келсе күн райының құбылып тұратыны айтпаса да ақиқат. Кейде жылышуақтанып тұратыны да уақытша құбылыс. Көбіне қара суық желдің тынымсыз гүліі құлақты тұндырады. Төңіректе төніп жүрген қара бұлттар қапелімде шайдай ашылғанымен, қас-қағым сөтте қайта жиналып қалады. Осындай құбылысқа қарамастан өткен сенбі Көкжардың тағы бір таңы құй жәрмеңкемен басталды. Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне әдеттегідей ауданға қарасты ауылдық округтер атсалысты. Оның ішінде айрықша атап өтсек, аудан орталығынан шалғай орналасқан Қарaoй ауылдық округінен «Сұлтан-2» шаруа қожалығы қой етін 1300 теңгеден ұсынса, Қайыңды ауылдық округінен «Есбол» шаруа қожалығы ірі қараның етін 1300 теңгеден берді. Жәрмеңке сөрелерінде қой, ірі қараның еттері толып тұрды. Өрбір шаруашылық мал етін мейлінше арзан бағамен беріп жатты. Сондықтан болар етке деген сұраныс

көп болды. «Сегізсай» өндірістік кооперативі ірі қараның етін 1500 теңгеден ұсынса, «Елдос» шаруа қожалығы 1400 теңгеден шығарды. Жәрмеңке сөрелерінде одан бөлек сүт өнімдері де үзілмеді. Нарықтағы құнын түсірмеген таза табиғи сүт өнімдері мұнда да өз бағасын түсірмеді. Өйтсе де таза өнімді алушылар өнімнің бағасына қарамастан дөмін татып, ұнағандарын молырақ алып жатты. Сонымен бірге өткен жәрмеңкеде қысқы киімдер сатып есте қалған Сақтанат Баймұқанова деген апамыз бұл жолы да қысқы жылы киімдерін толтырып өкеліпті. Оның сөзінше қысқы киімдер жәрмеңке кезінде өтімді. «Жәрмеңкеге келген қарапайым шаруа, тіпті шаруашылық төрағалары да осы жерден іздеген киімдерін сатып алады. Бағасы да аса қымбат емес», - дейді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ»

176 ақамға жопқама бергі

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ОЙЫЛ СЕЛОСЫНДА «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА «ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ 2020 ЖОЛ ҚАРТАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ЖӘНЕ БАРША ТҰРҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН «БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ» ӨТТІ.



Осы шараны Ойыл аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдастырды. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы тұрғындардың ақпараттан дырылу деңгейін арттыру және қызметтерді электрондық түрде көрсетуді өзектендіру, сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу үшін консультативті-өдістемелік көмек беруді қамтамасыз етуді көздеген жәрмеңкеде мекеме басшылары жұмыс орындары туралы мәліметтер беріп, жұмыс іздеуші адамдармен сұхбат жүргізді, жұмысқа қабылдау тәртіптерін түсіндірді. Сонымен қатар жәрмеңкеге қатысушылар жастар тәжірибиесі және

Асел СИСЕНОВА,

Ойыл селосы.

ЖӘРДЕМАҚЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ?

Елімізде көпбалалы отбасылардың табыс мөлшеріне қарамастан мемлекеттік жәрдемақы беру жобасы жасалып жатыр. Егер заң жобасы депутаттар тарапынан мақұлданса, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап көпбалалы анаға жаңа жоба бойынша жәрдемақы төленеді. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Үкімет отырысында мәлім етті. Министрдің айтуынша, атаулы әлеуметтік көмек алу үшін көпбалалы отбасылардың табысына қарамастан олардың балаларына әлеуметтік жәрдемақы төленбек. Жаңа жүйе бойынша жәрдемақы отбасындағы балаларының санына қарай 42500 теңгеден 73 мың теңгеге дейін атаулы әлеуметтік көмекке еселенген мөлшерде болады. Бұл туралы «ҚазАқпарат» сайты жазады.

— *Атаулы әлеуметтік көмек алатын балалардың 60 пайыздан астамы көпбалалы отбасында шыққан. Сондықтан біз олар үшін республикалық бюджетпен жекелеген мемлекеттік жәрдемақы енгізуді жоспарлап отырмыз. Ол еліміздегі барлық көпбалалы отбасыларға төленеді. Аталған жәрдем ақының көлемі бала санына қарай болады. Орташа есеппен бір балаға 10-11 мың теңдеген беріледі. Жалпы мөлшері 2018 жылы тоқтатылған осындай жәрдемақы мөлшерінен 4-7 есе артық,* — деді Біржан Нұрымбетов.

Сондай-ақ, министрдің айтуынша, отбасысының әрбір мүшесіне атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері бұған дейінгі



ҚҰАТ ҚҰЫҚБАҰ Әңгіме

Ай айналып, кібіртіктеп күні жеткен келіншегіміз босанғанына бүгін бесінші күн. Өке болып өлем тапырық күй кешкеніме бесінші күн. «Қыз деген: бетімнің қызылы, үйімнің қызыры» дейтін бұрынғылар, біздің де үйдің табалдырығынан Қызыр бабаның енгеніне бесінші күн. Жасы жетпістен жылжыған өкемнің «Кен-жемінің кішкентайын көрдім» деп Төңірге шүкіршілік айтқанына да бесінші күн. Мынау қара шаңырақта іңкер дүниеге келіп іңгалаған нәрестенің үні естілгеніне де бесінші күн. Өке-шешенің қадірін түсініп, «бес күндік мына жалғанның» мәнісін ұққандай болғаным да бесінші күн. Табандымнан тозып, қара санымының қалжырағанын сезбей бесік іздегеніме дәл бүгін бесінші күн... Өлкісша... Бәрім басынан бастайын...

...Қысып тұрған қыс аяқталып, ылға-жылғаны ылай-батпаққа толтырып көктем басталғанда, соңғы күндері өр қадамы қыбырлаған, жүрісі жыбырлаған келіншегімді «жедел жәрдем» перзентханаға жеткізді. Таң мезгілінде жұмысқа тұрып кеткеннен кейін шешем хабарласып: «Келініңіз толғағы басталды. Бірінші перхентханаға апара жатыр» деді. Осы хабардан соң қайдан жұмысың жүрсің. Бір сағаттай телефонымның бетіне телміріп отырдым да келіншегіме хабарлассам: «Бізді жаңа ғана екінші перзентханаға өкелді» деді. Ұңқыл-сыңқылы көбейдікіреп. Бір өредіктен кейін қайыра шешем қоңырау шалды да: «Келінді үшінші перзентханаға орналастырды» деген соң, «Ой, шеше-ау, қаладағы барлық емханаларды адақтап жүрсіздер ме?» десем. «Иә, мына тұқымың ескірлер танысың болмаса бірден перзентханаға орналастырмайды екен ғой» деп еңірет тұр. Жақында өйелі босанған бір әріптесім: «Перзентханадағы дәрігерлермен алдын ала өлпей-жөмпей болып алмасаң «анда бар, мында кел» деп қан қақсатасың» деген. Соның айтқанындай «көресінді» содан көріп, бармағымды тістеп, санымды сабаладым...

Ол күні ешқандай хабар болған жоқ. Екінші жарты емханада жатса сенің де есікке қарай еңтелеп, елендеп, елегізетінің анық жай. Түні бойы ерекше сезім бойды билеп, «толғатып» жатып ұйықтап кетіпін. Ертесі күні таң сәріде жөнешем сүйінші сұрап бір үйлі жанды сүйітіп тастады. Енесі екі жағына сөмкесін еңсеріп келіні мен немересіне жүгірді. Атасы Алласына төубасын айтып үйде қалды. Басымыз бақыттан айналып, шаттықтан шадыман болып, біз де кеңседегі жұмысымызға зыттық. Зытқанда былай болды. Кенгем хабарласқаннан кейін туған-туысымыздан сүйінші сұрап бөгілеп қалыппын. Жұмыстан бастықтың орынбасары қоңырау шалмасы бар ма?! «Неге көшпегіңіз?» деген сұрағым:

— Басеке-е-е — деп даусымды сәл созыңқырап, көпіртіп көпшікті сала қойдым да — мен сәл-пәл кешігіп барам. Келіншегім босанып... Өке атанып жатырмын — дедім бар қуанышымызды жасыра алмай. Дәл осы сәтте тер үйде отырған өкем ақырып қалды:

— Қайдағы өке? Оттапсың! Ол менің балам! Балаған болғанын қарашы мынаның?! — деп тағы бірдеңелерді бастырмалата жөнелді. Қалғанын естуге қауқарым жетпей тас жұтқандай тілімді тістеп, тұра бестім. Баланың тұңғышы қашаннан ата баласы екенін баяғыдан білетіміні. Біздің шаңырақтағы үлкен ағамды өкем бертінге дейін «Оның жөні басқа, жолы бөлек. Ол үлкендердің баласы» деп отыратынын тарс есімнен шығарған өзіме де обал жоқ.

Келіншегім екеуміздің ойымызда бұрыннан бар нәрсе нәрестемізді көдіміз қазақ бесікке бөлеу еді. Үйдегі үлкендер жағына ойымызды сездіргенде, «мейілідеріңе сай пейілдерің ғой, тек бесікті кішкентай аман-есен туғаннан соң іздерсіңдер» деген-ді. Таңертеңгі хабардан соң таныс-тамырдың бөріне қоңыраулатып бесік іздей бастадым. Дәл

БЕСІК ЖЫРЫ

бүгінгі күнге дейін бірі де қатындары қалжа жеп, балалы болмағандай бастарын шайқап, ойдағы дүниемді бірінен таба алмай өбден дал болдым. «Жақын жегжат-жұрағаттан шығып қалар» деп аса мән де бере қоймадым.

Кешкісін үйге келсем, маңымыздағы араласатын көрші-қолаң, әулетіміздің туыс-туғандары түгел жиналып алып гүлдеп отыр екен. Іздеп жүрген бесіктің жайын өкем айтса керек, үлкен дастарханның бұрышында отырған кетік тіс кемпір: — Балам, бесік таба алдың ба? — деді. Мен үнсіз ғана басымды шайқай салдым. — Оны несіне іздеп өуре боласың, арбаға жатып та талайлар арыстай азамат болып өсіп жатыр ғой — деді тағы да көрші кемпір. Шешем сөзге араласты. — Балалардың дегені болсын.



Кішкентайдың асты құрғақ болса, ұйқысы тыныш қой — деді көршімізге қарсылық білдіріп. — Әй, соның қажеті мен пайдасы шамалы. Біздің үйдегі немерелердің барлығы өлгі анау орыстың ойлап тапқан ақ дамбалын киіп-ақ өсіп-өнді. (Ол кісіге бөрі орыс, айтпағы баланың дәретін сіңіріп алатын шетелдіктер ойлап тапқан жөргек еді) Сондықтан, шырақтарым, бесік іздеп қайтесіңдер?! Келіннің ұйқысы тыныш болсын десендер, бесік керек емес. Баланың бұтына өлгі ақ дамбалды кигізеді де, бауырына басып жата береді.

— Ойбай, екеуі орталарына алып жатса, түннің бір уағында ұйқысырап жатып жаншып кетпей ме — деп шешем байғұс шар-шар ете қалды. — Өкеміз дұрыс айтады — деді талай жыл бойы шетелде білім соңыда салпақтап жүрген немере ағамыз сөзге араласып — Заманына сай адамы ғой. Сол нәрсенің түк пайдасы жоқ. «Бесікке жатқан баланың жамбас сүйегі орнына түспей, өскенде талтақ болып бітеді» деп ғалымдар айтып жүр. Мыш шайқалады дей ме, тағы бірденесі бар...

— Шайқалса мынаның — деп өкем иегімен мені нұсқады — сенің мыңш шайқалмай ма, өке-шешен қырық жылға тарта құрық сүйреткенде барлығыңды сол бесікте өсірген. «Ғалымдардың да, залымдардың да» көкі бермесін көп...

Өкемің қатупалып сөзге араласқаны барлығының аузына құм құйды. Жиналғандар қайдағы-жайдағыны айтып қауқылдасып біраз отырды да, тарап кетті.

Ауылдағыдай емес, қалада тұратын адамдардың тірлігі біртөға болып келеді. Жер үйлерде тұратындардың өзі алғашқы жылдары биік-биік дуалмен қоршалған үйде тұратынына үйренісіп кете алмай тордағы бүлбүлдай зықысы шығады. Біз секілді қаланың шетінде тұратын сондай көршілеріміздің бірі былтыр ғана ауылдан жалғыз қызының қолына көшіп келіп, енді ғана темір қоршауда тұруға еті үйреніп келе жатқан Ақбөрте дейтін көрші өже еді. Ертесі күні сол келді.

— Ой, Аллаһ-ай ауылда тұрғанда жақсы хабарды да, жамантты да лезде естуші едік. Мынандай сүйіншілейтін хабарды неге айтпадыңдар? — деп кіріп келді. Өкем мен шешем өп-өтірік жуып-шаюға кірісті.

— Жаңа ғана кетіп кемпірден естіп осылай кірген бетім — деп Ақбөрте үйдегілердің ыңғайсызданғанын елең қылмады. Түпкі бөлмеде оны-мұны шұқылап шығуға асықпадым. Үшеуі әңгімелесіп төуір отырды.

— Ана, сіздерде бесік жоқ па — деді шешем әңгіме арасында.

— Е, соны жаңа, көрші кемпір айтып отырғанда ашуым да қайта қозды емес пе?

— Тыныштық па? — деді өкем.

— Сол бесік дегеннен шығады. Былтыр бар жүгімізді буып-түйіп дайын отырғанда, қаладан балалар келіп «Сіз бара беріңіз» жүкті өзіміз апарамыз дегенінде кетіп қалған едім. Өлгі, албасты неме, әулетіміздегі талай баланы тербеткен бесікті ескі үйде қалтырып кетті.

— Жұртта бесік қалдыруға болмайды ғой — деді өкем тағы да.

— Менің де зар қақсап жүргенім сол. «Әй бесікте жатып өстіңдер. Өздеріңе болмаса да өзге біреуге беретін едік» деп жүрмін мен. Өздеріңнің балаларың жатқан бесіктерің қайда еді? — деді Ақбөрте өже өкемнің бетіне тесіліп.

жүргенімізді өзің де білесің ғой — деп бұлтақтап, бұлданып отырды да, рұқсатын берді. Үйге келе салысымен ауылда тұратын нағашы апайыма «мен бүгін кешке барамын» деп хабар бердім. Анада сүйінші сұрағанымда «осылай да осылай» деп бесіктің жайын түсіндіргем. «Алып кет» деген өзі. Сондықтан солай қарай құстай ұшпақпын.

Қаладан үш жүз шақырым қашықтағы ауылға кешкісін батпаққа батып әрең жеттім. Мені көрген бетте көзі шарасынан шығардай бақырайып: — Мына жүрісің не? От алуға келгендей жүрісің суыт қой деп — жымия салды. Күмілжіп төмен қарадым.

— Оқу оқып жүргенде өрнені сылтауратып, аунап-қунап кетуші едің — деп көптен келмегеніме ренішін білдірді.

— Бесік керек. Бар келген жұмысым

сол — дедім.

— Пәленбай мың халық тұратын қалада ағаш жоқ па — деп өтірік күлген болды. Мен шынымен айтып, тағы да басымды төмен салдым.

— Е, бәрі де жарылқайтындай қалаға қашып еді осы ауылдан. Енді салтынан безіп сандалып жүр десеңші — деді қабағын түйіп. Талайдан бері ауылға соқпай кеткен балаларын да жерден алып, жерге салды. Сол сөйлегеннен нағашы апам көпке дейін сөйлеп жүрді. Мен ол кісінің сырын жақсы білем. Тоқтау салуға ұмтылғанда жоқпын. Болмай қондырды. Ертесі күні таңертең ұйқыдан ертерек тұрып, дастархан басына шағайа барғанымда кешегідей емес ашуы тарапты.

— Шалға айт — деді жездесіне сөлемін жолдап — Өмірге келген сөбі оның баласы болса, менің де балам. «Балапаным» деп бауырына тықпаламай, бір сәт ауылға өкеліп атажұртқа аунатып алсын — деп шығарып салуға ыңғай білдірді. Дәл кетерде, көлікке отыруға оқталып жатқан маған тағы сөйледі:

— Үбірлі-шүбірлі бол. Жалғыз баланы көкпардың лағындай тартқылай бермендер... Жалғыз баласы бар адамның жаны мұрынының ұшында жүреді. «Жұмыс» деп кеңсе күзетіп, қағаз кемірмей баланы көбейтіндер, бір-бірін жетектеп ертең-ақ ержетеді. Ал, ана ақымақ шалды алдай сал. «Бала сенікі» де, қазыр қайда барсаң декумет сөйлейтін заман емес пе? — деп күлімсіреп келді де маңдайымнан іскеді. Бала кезімнен таныс өрі жақын иіс танауыма жетіп, кенірдегіме не ары емес, не бері емес бір түйін келіп, кетпелді де қалды...

Мен келгеннен кейін тұң қайта атасы азан шақырып немересіне ат қойды. Баланы бесікке бөлегеннен кейін, көзі жылырап жатып алды. Келіндерінің нақышына келтіре бесік жырын айта жөнелгеніне көңілдері марқайды ма, атасы мен енесі бөлмеден шығып бара жатқанында, балаларының танауы пысылдап ұйықтап кеткен еді...

...Мен егіліп отырмын. Өке болғаныма еміреніп емес. Біз жайшылықта анау дейміз, мынау дейміз. Ал іске келгенде олақсып кетеміз. «Ғылым мен техника ғасыры» деп сөйлегенде тайпалған жорғадай тайталасамыз келіп. Байыры бабалар салтынан, ертеде өткен мейірімді аналардың мәдениетінен тым артта қалып қойғанымызға күйінген ыза еді бұл.

Құлағымның түбінен келіншегімнің айтқан әуезді әні кетер емес. Өлди, өлді, ақ бөлем, Ақ бесікке жат бөлем...

adebiportal.kz.

ЕНДІ ЕШ ЖЕРДЕ МЕКЕНЖАЙ АНЫҚТАМАСЫ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ

Елімізде 1 қарашадан бастап мекен-жай анықтамасы талап етілмейді және мемлекеттік қызметтер реестрінен алынып тасталатын болады. Анығы, енді ешқандай мемлекеттік орган, мектеп немесе медициналық мекеме азаматтардан мекенжай анықтамасын осы жылдың 1 қарашасынан бастап сұрата алмайды. Бұл туралы кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының облыстық филиалы директорының орынбасары Ізбасар Орынбасаров мәлімдеді.

«Азаматтар өздерінің қай мекенжайда тіркеуде тұрғандарын e.gov.kz электронды үкімет порталы мен e.gov mobile мобильді қосымшасындағы жеке кабинеті арқылы тексеруіне болады. Ал мемлекеттік органдарға келетін болсақ, олар бұл мәліметте ішкі істер министрлігінің деректер базасымен интеграцияланған ақпараттық жүйелері арқылы көре алады, — дейді Ізбасар Орынбасаров.

Одан өрі ол өткен тоғыз айда тұрғындарға көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша баяндама жасады. Ізбасар Орынбасаровтың айтуынша, «Азаматтарға арналған үкімет» реестрдегі 723 мемлекеттік қызметтің 89 пайызын көрсетіп отыр. Мұндай қызметтер облыстың шалғайдағы ауыл тұрғындары үшін мобильдік халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетіледі. Жыл басынан бері мобильдік ҚҚО облыстың барлық 12 ауданын қамтып, ауыл тұрғындарына 19 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетті.

Брифингте жер қатынастары бойынша басқарма басшысы Бекзат Оразалин өз саласы бойынша ақпарат берді.

Қазіргі таңда мораторийге байланысты өзірге жер берілім жатқандығын тағы да еске салды. Ал «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы облыстық филиалының баспасөз хатшысы Әсел Мұстафина электрондық цифрлық қолтаңбаның мол мүмкіндігі туралы әңгімеледі.

ҚАЗАҚСТАНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПАСПОРТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық құжаттаманы қағазсыз цифрлық жүйеге көшіру аясында денсаулық сақтау ұйымдарында пациент туралы ақпаратты жинау, сақтау және алмасу үшін электронды паспортты енгізді. Бұл туралы Денсаулық сақтау вице-министрі Олжас Әбішев айтты.

«Электронды денсаулық паспорттың негізгі мақсаты - медицина саласындағы бүкіл мәліметті жинақтау, талқылау және ары қарай қандай шешім қабылдау керектігіне көмектесу», - дейді вице-министр. Оның айтуынша, 2018-2019 жылдар аралығында медициналық ұйымдарда 600-ден астам қағаз түріндегі есептік-тіркеу жүргізілген. «Еліміздегі азаматтар емхана немесе медициналық ұйымдарға барған кезде бұл мәліметтер электронды денсаулық паспортына жазылады. Осылайша сіз Электронды үкімет порталы немесе мобильді қосымша арқылы қай емханаға тіркелгеніңізді, сізді қай дәрігер емдейтінін, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бағдарламасы аясында қандай деріні тегін алатыныңызды, сондай-ақ мемлекет тарапынан көрсетілетін басқа да медициналық қызмет түрі туралы біле аласыз», - дейді Олжас Әбішев. Вице-министр цифрландырудың

арқасында медицина саласындағы заңбұзушылықтар анықталғанын айтты. «Өткен жылы біз 100 мың адамға тегін дәрі-дәрмек берілгені туралы СМС-хабарлама жіберіп, 8 мың адамнан тегін дәрі-дәрмек алмағаны туралы жауап алдық. Осындай алаяқтық әрекеттер цифрландыру арқылы анықталды», - дейді ол.

«Ақпараттық қауіпсіздікке келер болсақ, цифрландыру жүйесі қолға алынбай тұрып қағаз түріндегі амбулаториялық карталар мен жазбалар болған. Ол кезде медициналық мәліметтің құпия сақталатыны туралы ешкім кепілдік берген жоқ», - дейді вице-министр. Ол цифрландыру жүйесі қолға алынғанға дейін кез келген еден жуушы, техникалық қызметкер науқас туралы кез келген мәліметті көріп, дәрігер жазбасымен танысып, тіпті суретке түсіріп алу мүмкіндігі болғанын айтты. «Ал цифрландыру деңгейінде бізде қауіпсіздік бойынша 99,6% алтын стандарт сақталады. Сондай-ақ, біз Денсаулық сақтау министрлігі Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірігіп, пациент қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Ай сайын ақпараттық қауіпсіздік бойынша өзіміздің ішкі құрылымында да, сыртқы құрылымында да тексеру жүргіземіз», - дейді Олжас Әбішев.

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ ШЕҢБЕРІ

Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпыға бірдей декларациясы кезең-кезеңімен енгізілетін болады.

Бірінші кезеңде – **2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей декларациялау шеңберіндегі декларацияны:** жауапты мемлекеттік лауазымдағы адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы);

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы);

мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайы (зайыбы);

Екінші кезеңде – **2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері мен олардың жұбайы (зайыбы), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмыскерлері мен олардың жұбайы (зайыбы) болып табылатын жеке тұлғалар тапсырады.**

Үшінші кезеңде – **2024 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайы, дара кәсіпкерлер және олардың жұбайы тапсырады.**

Төртінші кезеңде – **2025 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың қалған санаттары декларация тапсырады.**

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы Айтқали Аманбаев (12.10.1948 ж – 31.03.2017 ж) Сағынышпен еске аламыз, сыра толы	
Есімізде сақталасы елге сыйлы бейнең де. Ортасынан қазір келіп қалатындай тұрамын. Ауылдағы бірге жүрген үлкендерді көргенде, Отбасының болған өркес жанащыры, тірегі, Аландаулы немерелер сіз келердей жүрегі. Асыл көкем сағынамыз шара	шерменде, бар ма таңдарға Тек пейіште қолдап жатқай ұлпағыңды үнемі. Еске алушылары: <i>бала-келіндері, немерелері.</i>

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылғы 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1620 дана. Тапсырыс №1299
Келімі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«АЯЛЫ АЛАҚАННЫҢ» ЖЫЛУЫ

БІЗ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН ҚОҒАМДА ҚАРАПАЙЫМ АДАМНЫҢ САНАСЫНА САЛМАҚТЫ ОЙ САЛАТЫН ТҮЙТКІЛДЕР МЕН САРАЛАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗДЕСЕДІ. КЕЗДЕСІП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОЛ ЖАЙТТАР ҚОҒАМНЫҢ КӨЛЕҢКЕЛІ ТҮСТАРЫНАН КҮНГЕЙ БЕТІНЕ ШЫҒУҒА СҰРАНЫП ТҮР. ӨРИНЕ, ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛҒА АЛЫНЫП, ЖҮЙЕЛІ ШЕШІМІН ТАПҚАНДАРЫ ДА ҚАНШАМА? ДЕЙТҮРҒАНМЕН, «ҚОҒАМ» АТТЫ ҚАЛЫҢ КІТАПТЫҢ СОҢҒЫ БЕТТЕРІНДЕ ҚАЛЫП ҚОЙМАЙ ЖАТҚАНДАРЫ ДА АЗ ЕМЕС.

Осындай менін жоғалтпайтын мәселелердің бірі - мүмкіндігі шектеулі жандардың тағдыры талай жанға ой салып отырғаны даусыз. Жуырда дәл осындай мәтінде «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Аялы алақан» атты мерекелік шара өткізілді. Атаулы күнмен ұштасқан қайырымдылық шараны аудан өкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев құттықтау тілегімен ашса, одан өрі қарай қонақтарымыздың өзі ізгі ниетті, жүрекжарды жылы беліздерімен жалғастырды. «Үкілі үміт» клубының мүшесі, аудандағы қоғамдық іс-шараларға белсене араласып жүрген белсенді жастарымыздың бірі Мейірімбек Қаныбеков өзінің құттықтау тілегі мен осындай шараларды ұйымдастырып отырған



мекеме басшыларына өзінің ризашылығын білдіріп, «Нұрлы арман» деген керемет өнін тарту етті. Сонымен қатар ауданымыздың өнерпаздары мерекелік дастарханды әсем өнмен өрлеп, өн-шашуларын тарту етті. Шара соңында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Амангосов атамыз келген қонақтарымызға рахметін айтып, батасын берді және де мүмкіндігі шектеулі жандарымызға арналған сый-сыяпаттарды тапсырды. «Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған ғой, осындай іс-шаралар арқылы мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына етене араласуына үміттері қайта оянып, өз балалары ешкімнен кем еместігін, қоғам бұған

бей-жай қарамайтынын түсінеді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға бүкіл халық атынан, өлем атынан үлкен қолдау қажет.

Оларға деген сый құрмет жоғары болғаны жөн. Өйткені олар нағыз өмірдің не екенін және қалай өмір сүру керектігін білетін, түсінетін адал да, ардақты жандар! Жақсылық жасау - имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. Өркес жүрегіміз кең, пейіліміз ақ болып жақсылық жасауға ұмтылып тұрайық. Осындай іс-шараға қолғабыс көрсетіп өз үлестерін қосқан жомарт азаматтарымызға алғысымызды білдіреміз!

Асел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН БЕРУ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

ҚР 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер Кодексінің 43-1-бап. Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін беру ерекшеліктері.

1. Мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру осы бапталған белгіленген тәртіппен және шарттарда шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс негізінде жүзеге асырылады.

Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы

шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс туралы хабарлама тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басшыларында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жарияланады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс туралы хабарлама тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басшыларында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында жарияланады.

- ҚР Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы. ҚРӘділет министрлігіне 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 18048 болып тіркелген қағидаларына сүйене отырып жүргізіледі.

Конкурс – жер учаскелерін пайдаланудың неғұрлым қолайлы шарттарын ұсынған жеке және заңды тұлғаларға оларды уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін беру нысаны. Қатысушы – шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген ҚР жеке және заңды тұлғалары.

«ЕҢБЕК – АДАМНЫҢ ЕКІНШІ АНАСЫ», «ЕҢБЕК МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕР», «ЖАЛҚАУЛЫҚ АЗДЫРАДЫ, ЕҢБЕК ОЗДЫРАДЫ», - деген МАҚАЛДАР ЕҢБЕКТЕНУДІҢ АДАМДАРҒА ҚАЖЕТТІ НАҒЫЗ БАЙЛЫҚ ЕКЕНДІГІН КӨРСЕТЕДІ. АЛ ІС-ӨРЕКЕТСІЗ БОС ЖҮРУ, ЕРІНШЕКТІК, ЖАЛҚАУЛЫҚ – ЖАМАН ӘДЕТ БОЛСА КЕРЕК.

Еңбек етсең ерінбей,
Тояғы қарның тіпінбей.
(Абай)



пайым отбасында тәрбие алады. 1990 жылы мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң өзі оқыған мектепке жұмысқа тұрып, ересек өмірге араласа бастайды. Осылайша еңбекке ерте араласқан Мафуза маңдай термен нәпақа табудың салмағын жете түсінеді.

– Менің ата-анам өмірінің барлығын еңбекке арнап, бізді бағыптау үшін күйбең тірлікпен көз ашпайтын. Бес үлдің ортасында өзім де ер балаша өстім. Анам Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебінде еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Анамның қасында жүріп, мен де жалпы орта мектепті бітіре сала, осы мектепке жұмысқа

материалдық жасынан да, рухани жасынан да көп көмектесті. Аллаңы жіберген сынағына қабырғам қайыспай көтеріп кетуімің өзі осы ұжымның, достарым, ағайынның арқасы деп ойлаймын. Көңілім құлазығанда жұмысқа келіп, жұбаныш табамын. Өткен жылы көп жылғы еңбегімді бағалап, мектеп өкімшілігі аудандық кәсіподақ ұйымының марапатына ұсынды. Осының бәрі осы адал еңбегімнің арқасы деп білемін.

Иә, «Еңбек – бәрін де жеңбек», – деген аталы сөз бар ел ішінде. Басынан небір ауыр кезеңдер өтсе де, Мафуза Сержанқызы ешқашан қиындық атаулыға мойынұсынған

тұрдым. Бір жерде тапжылмастан жұмыс жасағаным 2020 жылғы 30 жыл болмақ. 2001 жылы анам ауырып қайтыс болды. Анам дүниеден өткеннен кейін үйдің бітпейтін тіршілігі менің мойныма жүктелді. Інілерім өсіп, өз қолдары өздеріне жеткенде екі бірдей бауырымнан айырылдым. Жалғыз сүйенішім, бауыр етім қызымның қазасы да жығылғанға жұдырық болып, өкініштен өзегім өртенді, – деді Мафуза көзі жасқа толып...

– Басқа түскен соң көнбеске шараң жоқ екен, тірі адам тіршілігін жасайды. Сол ауыр кезеңде мектеп ұжымы, бастауыш кәсіподақ ұйымы

емес. Еңбек дегеніміз бойымыздағы күшімізді пайдалану. Бүгінде аянбай еңбек етіп жүрген Мафузаға қажымас қайрат, зор денсаулық тілей отырып, алдағы уақытта мектеп үшін жасаған еңбегіңізді зейнетін көру бақыты бұйырсын демекпіз.

Қоғамдағы байлықтың бәрі еңбектен тұрады. Сондықтан да жұмсалған еңбектің бостан-босқа кетпейтініне және «сабыр түбі – сары алтын» екендігіне сенуіміз керек.

Дидар ЕСЕНҒАЗИНА,
Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы.

ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ – ЖІГЕРЛІ ОЙЫН

Өткен аптада Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы және Ойыл аудандық пробация қызметкерлері бірлесе отырып 2019 жылы порбация қызметімен арадағы меморандумға сәйкес «Ойыл аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарды, қоғамдағы өмірге қайтаруға бағытталған іс-шаралары» тақырыбында пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарды спортқа баулу, дене шынықтыру жаттығуларын жасай отырып салауатты өмір салтын қабылдастыру мақсатында Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп – гимназиясында пробация қызметі есебінде тұрған және Ойыл аграрлық колледжінің жастар арасында өртүрлі спорт түрінен атап айтсақ, турникке тартылу, бір тасын көтеру, шағын футбол спорт түрлерінен сайыс өткізіліп, белсенділік танытқан жастар Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының алғыс хатымен марапатталды.

Сондай – ақ Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығында орталық басшысы Жангүл Бақытжанқызы пробация қызметінің есебінде тұрған жастарды қабылдап, құқықтық кеңістікте өнгіме қозғап, сұрақтарына нақты жауап берді.

Нұрсұлтан ЖҰМИН,
Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының маманы.

БЕКЗАТ – ӘЛЕМНІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



Қазан айының 10-14 аралығында Өзбекстан мемлекеті, Ташкент қаласында самбо күресінен Әлем чемпионы өткен болатын. Осы жарысқа ауданымыздың емес, облысымыздың мақтаншы, талай жарыстар да топ жарып жүрген жас палуан Бекзат Мұханбетов қатысты.

48 кг салмақ дәрежесінде кілемге шыққан Бекзат өзінің өптілігінің арқасында осы жарыста күміс жүлдеге ие болды. Бұған дейін де Бекзат талай жарыстарда бақ сынап, өзінің шеберлігімен, күш жігерімен көзге

түсіп үлгерген еді. Мұндай сенімге ол оңайлықпен жеткен жоқ. Өзінің жеке бапкері Тимур Қалниязовтың айлап танымсыз тер төкті. Аз ғана уақыт ішінде талай жеңістерге жеткен жас палуанымыз халықтың қошеметіне бөленіп, күллі қазақ елінің мақтанышына айналды. Біз Бекзатқа алда талай биіктерден көрініп, ел мақтаншы болып, көк туымызды желбіретіп жүре бер дейміз.

Асел СИСЕНОВА,
Ойыл селосы.

БЕЙБІТ ЗАМАННЫҢ БАТЫРЛАРЫ



1995 жылғы 19 қазанда Төтенше жағдайлар қызметі құрылып, Қазақстан Республикасы Президентінің №2541 Әкімімен «19-қазан – Құтқарушылар күні» деп ресми түрде жарияланды. Содан бері жыл сайын бұл күн біздің төл мерекеміз ретінде аталып келеді. Бұл құтқарушылар үшін өте маңызды кәсіби мереке.

Құтқарушылар – қысылтаң шақтарда адам жанынан алғаш боп табылатын Ішкі Істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетіне қарасты қызметкерлер. Бұл мамандыққа бірнеше іс мөлери жатады: өрт сөндіруші, сүңгуір, жедел жәрдем және басқалары. Сұрапыл апат, техногендік зілзала, лаңкестік әрекеттер кезінде бір сәтте бірнеше адам жаппа шегеді. Олардың ерқайсысына шұғыл көмек қажет. Егер кісі көп қан

жоғалтса, не бір нәрсенің астында қалып қойса, айналдырған бірнеше минут ішінде адам тағдыры шешіледі. Жедел түрде оқиға болған жерге жеткен құтқарушылардың қызметі жағдайды бақылап, адамдарды қауіпсіз жерге шоғырландырып, жаралылардың көңілін аулап, алғашқы көмек көрсетіп, тыныштандыру. Осының барлығын қарапайым тілмен айтқанда, зардаптарды жою деуге болады.

Бұл қызмет аса батыл, жұмысына жан-жүрегімен берілген, өте ікемді, сақ, шыңдалған адам болуды талап етеді. Олар қоңырау шалып шақырған кезде дереу жетеді, медициналық алғашқы көмек көрсетіп қана қоймай, қажет кезде көмекке мұқтажды өрт арасынан көтеріп шығуға, судан суырып алуға дайын болады. Құтқарушылар тек апатты жағдайларда

ғана келмейді, мысалы біреу адасып кетсе де, іздеу салатындар құтқарушылардың көмегіне жүгінеді. Жұмыс барысында құтқарушылар өзгенің өмірін өлімнен арашалаймын деп өз басын қатерге тігеді. Өзгелердің өз көмегіне мұқтаж екенін көріп тұрғанда ешбір жан тартынып қала алмайды.

Кәсіби деңгейін арттырып, сырт мүсінін қалыпты сақтауы үшін үнемі дене жаттығуларымен айналысып, ширақтық қабілетін шыңдайды. Батылдық, төуекелшілдік, жылдам реакция, жауапкершілік, физикалық қуат, назарын шоғырландыра білу, жағдайды жоспарлау, тәртіптілік, жолдасқа адалдық, оптимистік, өзіне сенімділік – осының барлығы бір бойынан табылатын ержүрек құтқарушыларымыз.

Қазақстан Республикасының құтқару қызметтері үшін мамандар даярлаудың Көкшетау қаласындағы техникалық институт жүзеге асырады. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар саласындағы үкіметаралық келісімдердің нәтижесінде бірқатар құтқару қызметтерінің қорсанттары Ресей және Беларусь Төтенше жағдайлар министрлігінің жоғарғы оқу орындарында білім алуда. Биыл Қазақстанның құтқарушыларының құрылғанына 24 жыл толып отыр. Осы мерекесі қарсаңында барлық қызметте жүрген және зейнетке шыққан құтқарушыларға зор денсаулық, жанұялық амандық, бұлтысыз ашық аспан, қуатты күш жігер, жастарға үлгі бола жүріп, жетістіктері сәтті болуын тілейміз.

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

АҚТӨБЕДЕ ТҰРАҚТАНДЫРУ ҚОРЫН ТОЛТЫРУҒА 80 МЛН ТЕНГЕ БӨЛІНДІ

Тұрақтандыру қорына биыл 100 тонна сөбіз,100 тонна қырыққабат, 200 тонна пияз бен 1400 тонна картоп салынады. Ақтөбе облысы бойынша тұрақтандыру қорына азық-түлік пен көкөніс жеткізіліп жатыр. Қоймаға қыста қыбаттайтын барлық әлеуметтік тауар түрі салынады. Осы арқылы жергілікті әкімдік аса қажет азық-түлік пен көкөністің бағасын бақылауға алмақ.

Қазіргі уақытта «Пригородный» көкөніс сақтау қоймасына тұрақтандыру қорының өнімі жеткізіле бастады. Қорға 100 тонна сөбіз,100 тонна қырыққабат, 200 тонна пияз бен 1 мың 400 тонна картоп салынады. Кейін бұл көкөніс желтоқсан мен наурыз айлары аралығында «Табыс» коммуналдық базарында, сондай-ақ шағын базарларда сатылатын болады. «Жыл өткен сайын тұрақтандыру қорына салынатын көкөніс көлемі артып келеді. Биыл картоп пен қырыққабатқа тапсырыс артты. Көкөніспен қатар 107 тонна І сұрыпты ұн, 75 тонна өсімдік майы, 240 тонна қант жеткізіледі. Күрші пен қарақұмық



жармасын сатып аламыз. Негізгі жергілікті жерде өндірілетін көкөністің бәрі облыс шаруаларынан алынады. Ал өзге әлеуметтік тауарлар отандық кәсіпкерлерден өкелінеді. Арнайы дүкендерде баға базардан 15-20 пайызға арзан болады», - деді «Ақтөбе» ӘКК агроөнеркәсіп кешінен басқармасының басшысы Ермек Батинов. Айта кетейік, «Ақтөбе»

ӘКК мен шаруа қожалықтары көктемде келісімшартқа қол қойды. Келісім бойынша сатып алуға белінген қаржының 60 пайызын көктемгі егіс жұмыстары кезінде, қалған ақысын күзгі жиынан кейін беріледі. Облыстық тұрақтандыру қорын қалыптастыру мақсатында құрылған комиссия бүгін өнімдердің сапасын тексерді.

ӘЛЕУМЕТТІК НАННЫҢ БАҒАСЫ КӨТЕРІЛМЕЙДІ

Биыл 15,1 млн гектар алқап орылып, 19,1 млн тонна дәнді және бұршақ дақылдары бастырылды, деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне сілтеме жасап. Алдын ала болжамға сәйкес, өткен жылғы азық-түлік бидайының ауыспалы қалдығы ескеріле отырып, келесі егінге дейін үлестірілетін көлем 14,9 млн. тоннаны құрады. Оның шамамен 5,9 млн. тоннасы (тұқым, жемшөп, өнеркәсіптік өңдеу) ішкі тұтынуға пайдаланылады, экспорттық әлеуеті шамамен 6,0 - 7 млн. тоннаны құрайды. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметтері бойынша, 2019 жылғы 15 қыркүйектегі жағдай бойынша астық қабылдау көсіпорындарында 5,1 млн тонна астық бар, соның ішінде «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ-ның 350 мың тонна астығы бар. Сондай-ақ, «Азық-түлік корпорациясы» 300-350 мың тоннаға дейін астық сатып алады. Өңірлердегі көсіпорындардағы ұнның айлық қоры 178,0 мың тоннаны құрайды. Осылайша, республикада астық пен ұн қоры бойынша жағдай тұрақты. Ресми статистикаға сәйкес, «әлеуметтік нан» деп аталатын бірінші сұрыптағы бидай ұнынан жасалған нанның республикалық орташа бағасы бір бөлке үшін 76,5 теңгені құрайды. Әлеуметтік нанның бағасы көтерілмейді.

КҮНМЕН ТАЛАСПА!

Қара тасқа таңбаланып қашалған, Айдан анық ақиқат бар алашта. «Дөңгеленіп Күн батқанда, - деді анам, - Ұйықтама, күрең Күнмен таласпа!». Ай- апамның бөже күміс шарасы. Мақпал түнде жұлдыздары нақ ақыл. Дейтін алам: Екі кештің арасы - Улап-шулап шайтан көшер уақыт. Түн келеді қара шашын тарқатып, Жұлдыздардан таңа-моншақ тағынған. Алты алашым туған Айға тіл қатып, Сосын аны күрен Күнге табынған. Төкім етіп Көкке, Айға, Күн, желге, Қайтқан қаздай бұл жалғаннан өткенбіз. Құстарға ұқсап көшіп-қонып жүргенбіз. Табиғатпен тамырласып кеткенбіз. Табиғатты алаш Төңір тұтқанда, Табиғат та тартты уыздан сыбаға. Күн күрірлеп- дүркіреп шөп шыққанда, Аймалады жүзімізді Күн-ана. Дала заңы жоқ алаштан өзге елде, Бала қыз ек тыңдап өскен шешені. Күнмен талас ұйықтамаймын, сол кезде, Жүйе мен пері түнегіне көшеді. Күн де батыр төбеге ат шалдырып, Бір сұлулық қонақтатып далаға өр. Алтындарын ұрпағына қалдырып, О дүниеге көшіп кетті бабалар.

Сәулет ШӨТЕНОВА.

Газетке жазылу - 2019

Аудандық “Ойыл” газетіне “Қазпочта АҚ” арқылы 2020 жылдың I жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2377,25
66525	Заңды тұлғаларға	4057,25
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	1897,25

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)